

**«6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Расулова Асем Мансуровнаның «Импорт алмастыру жағдайында кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық механизмі» (Алматы және Алматы облысы сары май өндіруші кәсіпорындарының мысалында) тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің берген**

**ШКІРІ**

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес - 2020» бағдарламасы елдегі агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жалпы Қазақстандағы ауылшаруашылық саланы дамытуға бағытталған.

Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылыми және тәжірибелік сипаттағы нақтылауды қажет ететін өзекті мәселеге арналған, оның маңыздылығын бірнеше негізгі ұстанымдармен дәлелдеуге болады. Тамақ өнеркәсібі халықты азық-түлікпен қамтамасыз ететін негізгі салалардың бірі болып табылады. Халықты сапалы, денсаулықты жақсартатын және оған зиян келтірмейтін азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету - мемлекеттің алға қойған стратегиялық басым бағыттарының бірі.

Елде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тамақ өнімдерін өндірумен және сатумен айналысатын өндірушілердің үнемі сапа стандарттарын қатаң түрде сақтап отыруы қажет. Жастан кәріге дейін тұтынатын сүт өнімдері маңызды тамақ өнімдері қатарына жататындықтан, олардың сапасына мемлекет тарапынан да ерекше назар аударылуы тиіс. Отандық сүт және сүт өнімдерін өндірушілер инновациялық технологияларды және өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың жаңа тәсілдерін, шетелдік озық үлгілерді өндіріске енгізуі өнім сапасына ерекше әсерін тигізетіні сөзсіз.

Сонымен қатар, өнім сапасын жетілдіру ғана емес, сондай-ақ сүт шикізатынан жасалатын өнім ассортименттерін кеңейту мен өнімділікті арттыру да осы саладағы шешуді талап ететін мәселелер қатарына жатады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы отандық кәсіпорындардың өндірістік жүйесінің ғылыми-практикалық мәселелерін зерттеуге және шешуге, жаңа әдістерді, концептуалды тәсілдерді пайдалана отырып импортты алмастыру жағдайында отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге арналған тақырыптың өзектілігін растайды.

Диссертациялық жұмыста азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық механизмін жетілдіру бойынша зерттеулер жүргізілді. Автордың зерттеу нәтижелерінен сүт өнімдерінің түрі болып саналатын сары май өнімдері нарығындағы импорттаушы өндірушілер тарапынан бәсекелестік күрестің күшеюі жыл сайын артып келе жатқандығы байқалады. Қазақстандық нарықта сары май өнімдеріне қатысты туындаған

шешуін таппаған мәселелер қатарындағы өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтеру жолдары мен экономикалық тетіктерді жетілдіру қажеттігі анықталды.

Қазақстан ауыл шаруашылық шикізат ресурстарына бай мемлекет ретінде импорттық сары май өнімдерін сатып алмай-ақ өз өнімдерімен ішкі нарықты қанағаттандыруға толық мүмкіндігі бар болып табылады. Диссертациялық жұмыста автор бәсекеқабілеттілікке әсер ететін факторларды бір жүйеге келтіріп, оны арттыру жолдары бойынша ұсыныстар берді.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысында отандық сары май өндіруші кәсіпорындардағы өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін экономикалық механизмнің тетіктері бойынша кемшін тұстар анықталып, оларды жетілдіру бойынша автордың ұсыныстары берілді.

Ізденушінің зерттеу нәтижелері отандық кәсіпорындарда сары май өнімділігі жыл сайын төмендеп келе жатқандығы, оның орнын импорттық өндірушілер толықтырып жатқандығын көрсетті, бұл өз кезегінде еліміздің Жалпы Ішкі Өнімге (ЖІӨ) теріс әсерін тигізетіні белгілі. Егерде ЖІӨ-нің негізгі бөлігін өндіріс, өнеркәсіп, кәсіпкерлік және т.б. құрайтын болса, бұл саланы дамыту қажеттігі ерекше орында деп атап өту керек. Осыған орай, отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерін тез арада шешу қажеттігі туралы жұмыста автордың түйінді пікірлері берілді.

Өз кезегінде кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру елдің экономикалық өсуіне оң әсерін тигізеді. Кәсіпорынның импортты алмастыруда бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әсер ететін факторлар көп, алайда сары май өндірісінің өз ерекшеліктері болғандықтан, оған әсер етуші факторлар оншалықты көп емес болып шықты.

Диссертациялық жұмыстың теориялық бөлімінде импорт алмастыру жағдайында кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық механизмінің теориялық негіздері, оны қалыптастыратын факторлар мен тетіктер зерттеліп, кәсіпорындардың бәсекелік артықшылықтары қарастырылған. Жеке тұжырымдар мен ұсыныстарды беру үшін автор зерттеу тақырыбы бойынша шетелдік және отандық авторлардың кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша экономикалық механизм тетіктерін анықтау және жетілдіру бойынша зерттеулері, зерттеушілердің көптеген басылымдардағы аналитикалық шолуларына талдау жасалып, зерделенді.

Ізденуші сары май нарығына талдау жүргізіп, математикалық әдістемелер негізінде импорттаушы кәсіпорындардың артықшылықтарын анықтап, отандық кәсіпорындардың негізгі мәселелерін айқындады. Қазақстан Республикасының сары май өнімдерін тұтынатын тұтынушылар арасында сауалнама жүргізіліп, отандық сары май өнімдерінің негізгі кемшіліктері анықталды. Сондай-ақ, сары май өндіруші кәсіпорындардың қызметіне экономикалық талдау жүргізіліп, қаржылық жағдайына баға берілді.

Сонымен қатар, автор сапалы және сандық әдістерді қолданып, кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті болмау негізгі себептері бойынша

зерттеу жүргізіліп, олардың моделін берген. Осыған байланысты импорт алмастыру жағдайында сары май өндіруші кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын тетіктерді анықтап, оларды жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын берді. Ізденуші бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында, кәсіпорындардың табиғи шикізатқа қол жетімділігінің тиімділігін математикалық әдіс арқылы талдап, дәлелдеген.

Диссертациялық жұмыстағы ізденушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері, тұжырымдар мен ұсыныстарының дәйектілігі оның құрылымының логикасының дұрыстығын дәлелдейді. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері шетелдік және отандық баспаларда жарияланған және мақұлданған.

Жоғарыда келтірілген ғылыми нәтижелер отандық сары май өндіруші кәсіпорындардың дамуындағы кейбір проблемаларды шешуге өз септігін тигізеді және жаңашылдыққа ие. Зерттеу барысында автор импортты алмастыру жағдайында отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі төмен екенін және осы тұрғыда өзекті мәселелерді теориялық және әдіснамалық тұрғыда дәйекті түрде шешеді.

Автор алдына қойған міндеттердің шешімін толық таба білген. Жұмыстың құрылымы қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Ұсынылып отырған жұмыста бүгінгі күннің талабына сай теориялық және практикалық мәні жоғары ғылыми мәселе өз шешімін тапқан. Автордың барлық қорытындылары ғылыми негізделген.


Ізденушінің диссертациялық жұмысын көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады деп санауға негіз бар және «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қажетті барлық талаптарға сай орындалған.

Жалпы алғанда, А.М.Расулованың «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Импорт алмастыру жағдайында кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық механизмі» (Алматы және Алматы облысы сары май өндіруші кәсіпорындарының мысалында) тақырыбындағы диссертациялық жұмысын көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші,  
экономика ғылымдарының докторы,  
«Тұран» Университетінің «Менеджмент»  
кафедрасының профессоры



Дәуренбекова А.Н.



12.12.2019г